

## 2011 жылы Жаңаарқа ауданында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 9 маусымдағы N 154 қаулысы. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 24 маусымда N 8-12-107 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 желтоқсандағы N 392 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 28.12.2011 N 392 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес, нысаналы топтарға жататын жұмыссыз азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында Жаңаарқа ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Нысаналы топтардағы жұмыссыздарға әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасы бекітілсін.

2. Уәкілетті орган – "Жаңаарқа ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Жұмыспен қамту б ө л і м і ) :

1) заңнамада белгіленген тәртіппен нысаналы топтардағы, жұмыс істеуге ниет білдірген жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу ж ұ м ы с т а р ы н ж ү р г і з у ;

2) осы санаттағы азаматтарды жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс берушілермен келісім-шарттар жасау бойынша жұмыс жүргізісін;

3) әлеуметтік жұмыс орындарының ұйымдастырылуының тиімділігін бақылау, жасалған шарттардың орындалуы бойынша жұмыс жүргізісін.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан жұмыссыздың еңбекақысын төлеуге жұмсалатын жұмыс берушінің шығындары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі еңбекақы көлемінен елу пайыз мөлшерінде жергілікті бюджет қаржысы есебінен бөлшектеліп өтеледі.

4. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасары Марат Жандаулетұлы Жандаулетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Аудан әкімі *С. Оспанов*  
Жаңаарқа ауданы әкімдігінің  
9 маусым 2011 жылғы  
N 154 қаулысымен бекітілген

## **Нысаналы топтардағы жұмыссыздарға әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасы**

1. Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға өтінішті уәкілетті орган "Жаңаарқа ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (одан әрі – Уәкілетті орган) б е р е д і .

2. Уәкілетті орган әлеуметтік орындарын ұйымдастыруды ұсынушы жұмыс берушілерді іріктегенде келесідей талаптарды ескереді: кәсіпорынның төлем қабылеттілігі, еңбекақыны уақытында төленуі, жұмыс орнының қауіпсіздік техникасы нормасына сәйкестігі, кәсіпорында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі нормаларының сақталуы, Уәкілетті органмен келісілген келісім-шарт уақытының аяқталғаннан кейін жұмыссызға тұрақты жұмыс ұ с ы н у м ү м к і н д і г і .

3. Келісім-шартта екі жақтың міндеттері, жұмыстың түрлері, көлемі, еңбекақы төлеу мөлшері мен шарттары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың мерзімі мен көздері, жіберілетін жұмыссыздардың саны көрсетіледі. Келісім-шарт 6 айдан аспайтын мерзімге жасалынады. Жұмыс уақытша сипатта болады және оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен б о с о р ы н д а р п а й д а л а н ы л м а й д ы .

4. Жұмыс берушімен келісім-шарт жасалғаннан кейін, Уәкілетті орган әлеуметтік жұмыс орынына жұмысқа орналасу үшін нысаналы топтардағы жұмыссыздарға ж о л д а м а б е р е д і .

5. Жұмыс беруші жолдама алған жұмыссызды әлеуметтік орынына алады, онымен келісім-шартқа отырады, қауіпсіздік техника нормаларына сәйкес жұмыс о р ы н ұ с ы н а д ы .

6. Жұмыс беруші еңбек ақыны төлеуде шығындардың орнын толтыру үшін ай сайын ағымдағы айдың 20 күніне дейін Уәкілетті органға белгілінген тәртіпте келесіні ұсынады: жұмысқа алу туралы бұйрықтан үзінді, жұмыс уақытын есептеу тізімін, әлеуметтік жұмыс орындарына алынған жұмысшылар есебі мен а т қ а р ы л ғ а н ж ұ м ы с т а р д ы ң а к т і с і .

7. Нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін

әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасының орындалуын бақылау Уәкілетті органға жүктеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ